

Адвокаттық және нотариалдық қызметпен айналысу құқығына арналған мемлекеттік лицензиялардың нысандарын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 23 желтоқсандағы N 1325 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 7 маусымдағы № 753 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.06.07 № 753 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Адвокаттық қызмет туралы" 1997 жылғы 5 желтоқсандағы Заңына және Қазақстан Республикасының "Нотариат туралы" 1997 жылғы 14 шілдедегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметіне қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:
адвокаттық қызметпен айналысу құқығына арналған мемлекеттік лицензияның;
нотариалдық қызметпен айналысу құқығына арналған мемлекеттік лицензияның нысандары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Адвокаттық қызметпен байланысты емес ақылы заң қызметін, адвокаттық және нотариалдық қызметтер көрсетуді, жылжымайтын мүлікті бағалауды лицензиялау мәселелері" туралы 1997 жылғы 15 тамыздағы N 1262 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 37, 359-құжат) 3-тармағындағы төртінші және бесінші абзацтарының күші жойылған деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 1998 жылғы
23 желтоқсандағы
1325 қаулысымен

бекітілген

Ескерту. Қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.10.28. N 1120 , 2008.03.28 N 300 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) Қаулыларымен.

Қазақстан Республикасының елтаңбасы

Мемлекеттік лицензия

(жеке тұлғаның толық аты-жөні)

адвокаттық қызметпен айналысу құқығына берілді.

Лицензия, мерзіміне шек қойылмай берілетін, бас лицензия болып табылады және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында қолданылады.

Лицензияны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитеті берген.

Комитеттің төрағасы

(қолы)

Лицензияның берілген күні " ____ " _____ 199__ ж.

Лицензияның нөмірі _____

_____ қаласы

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 1998 жылғы
23 желтоқсандағы
1325 қаулысымен

бекітілген

Ескерту. Қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің
2004.10.28. N 1120 , 2008.03.28 N 300 (қолданысқа енгізілу тәртібін
5-тармақтан қараңыз) Қаулыларымен.

Қазақстан Республикасының елтаңбасы

Мемлекеттік лицензия

(жеке тұлғаның толық аты-жөні)

нотариалдық қызметпен айналысу құқығына берілді.

Лицензия, мерзіміне шек қойылмай берілетін, бас лицензия болып табылады және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында қолданылады.

Лицензияны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитеті берген.

Комитеттің төрағасы

(қолы)

Лицензияның берілген күні " ____ " _____ 199__ ж.

Лицензияның нөмірі _____

----- қ а л а с ы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК